

Облыс аумағында карантиндік режимді енгізе отырып, карантиндік аймақты белгілеу туралы

Күшін жойған

Алматы облысы әкімдігінің 2020 жылғы 9 сәуірдегі № 155 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2020 жылы 9 сәуірде № 5453 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы әкімдігінің 2021 жылғы 31 наурыздағы № 117 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы әкімдігінің 31.03.2021 № 117 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Өсімдіктер карантині туралы" 1999 жылғы 11 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының 9-1-бабына сәйкес Алматы облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Карантиндік объектілердің түрлері бойынша жалпы көлемі 12324,424 гектар жерге аудандар (қалалар) бөлінісінде карантиндік режимді енгізе отырып, қосымшаға сәйкес облыс аумағында карантиндік аймақ белгіленсін.

2. Алматы облысы әкімдігінің "Облыс аумағында карантиндік режимді енгізе отырып, карантиндік аймақты белгілеу туралы" 2019 жылғы 17 сәуірдегі № 141 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5122 тіркелген, 2019 жылдың 24 сәуірінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. "Алматы облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының Алматы облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны Алматы облысы әкімдігінің интернет-ресурсында оның ресми жарияланғаннан кейін орналастыруын;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Алматы облысы әкімі аппаратының мемлекеттік-құқық бөліміне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында қарастырылған іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы облысы әкімінің орынбасары С. Бескемпіровке жүктелсін.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

А. Баталов

Алматы облысы әкімдігінің 2020 жылғы №
9 сәуірдегі № 155 қаулысына қосымша

Карантиндік объектілердің түрлері бойынша аудандар (қалалар) бөлінісінде карантиндік режимді енгізе отырып, белгіленген карантиндік аймақ көлемі

№	Аудандар, қалалар	Барлық залалданған жер көлемі, гектар	Оның ішінде карантиндік объектілердің түрлері бойынша	
			Калифорниялық қалқаншалы сымыр	Шығыс жеміс жемірі
1	Ақсу	438		
2	Алакөл	83,5		16
3	Балқаш	2926		
4	Еңбекшіқазақ	877,375	312	
5	Ескелді	148,25		90,8
6	Жамбыл	409,1		
7	Іле	33,5	12	6
8	Қарасай	294	20	15
9	Қаратал	181,76		
10	Кербұлақ	2739		
11	Көксу	108,55	15	10
12	Панфилов	411,92	100,5	235,5
13	Райымбек	0		
14	Кеген	50		
15	Сарқан	1876,659		47,035
16	Талғар	783,21	162	
17	Ұйғыр	276		
18	Қапшағай	521		
19	Талдықорған	119,2		26,5
20	Текелі	47,4		32,4
Барлығы		12324,424	621,5	479,235

кестенің жалғасы

Оңтүстік америкалық қызанақ күйесі	Қауын шыбыны	Жеміс ағаштарының бактериалық күйігі	Жусан жапырақты ойраншөп	Жатаған у кекіре	Арам сояулар
				415	23
				52	15,5
				2785	141

100		421,875	3	14	26,5
		38,95		13,5	5
1,5	2	3,6		400	2
				11	4,5
		30	16	179	34
3		0,76		176	2
				2720	19
				33	50,55
		7,92		40,5	27,5
				22	28
1		12,624		1574	242
		193,91	57,6	367	2,7
				166	110
			2	287	232
		19,2		12	61,5
		15			
105,5	2	743,839	78,6	9267	1026,75

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК